

**"Субсидияланатын тыңайтқыштар, гербицидтердің түрлерін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 43/10 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 68/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда № 2894 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 23/02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 14.05.2015 № 23 /02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Субсидияланатын тыңайтқыштар, гербицидтердің түрлерін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы» Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 тамыздағы № 43/10 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 2733 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 8 қыркүйекте, 2014 жылғы 9 қыркүйекте № 157-158 (21678-21679) «Индустриальная Караганда» және 2014 жылғы 9 қыркүйекте № 171-172 (21806) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:  
«5) тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары мен түрлері осы қаулының 5 қосымшасына сәйкес белгіленсін.»;  
көрсетілген қаулы осы қаулының қосымшасына сәйкес 5 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков

К Е Л І С І Л Д І

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і

\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

«        »        \_\_\_\_\_ 2014 жы л

Қарағанды облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 68/01 қаулысына  
қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 18 тамыздағы  
№ 43/10 қаулысына  
5 қосымша

**Тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары мен түрлері**

р/н №	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Тыңайтқыштардың құнын арзандату проценті, дейін	Сатылған тыңайтқыштардың субсидиялар нормалары, теңге
1	Удобрение Азотно-фосфорно-калийное 15:15:15 (Ресей)	тонна	30	26400
2	Аммофос (N-10% P 2O5-46%) (Өзбекстан)	тонна	30	30900